

## 45. ҚАРАТОРҒАЙ

Орындаған Жамал Омарова

### Жүрдек, ойнақы

Құс бол - сан жи - бек - тен бау та - ғар е - дім.  
 Кү - міс - тен тұ - ғы - рың - ды жа - бар е - дім.  
 Мой - ны - на са - р(ы)ал - тын - нан ал - қа та - ғып.  
 Қол-ғ(а)лып сы - лап - си - пап ба - ғар е - дім. Са - ла - йын мен ә - ні - ме  
 Қа - ра - тор - ғай, Қа - ра - тор - ғай. Ха - ла - ла - ла, ли - ли - лай, Ли - ла - ла - ла, ли - ла - лау.

Құс болсаң жібектен бау тағар едім.  
 Күмістен тұғырыңды жабар едім.  
 Мойныңа сары алтыннан алқа тағып.  
 Қолға алып сылап-сипап бағар едім.

#### Қайырмасы:

Салайын мен әніме  
 Қараторғай, Қараторғай.  
 Ха-ла-ла-ла, ли-ли-лай,  
 Ли-ла-ла-ла, ли-ла-лау.

Болғанда қасың қара, шашың сүмбіл,  
 Албырап екі бетің жанар гүл-гүл.  
 Бейіштің гүл жамылған сарайында  
 Сайраған тоты құстай сен бір бұлбұл.